

АЛМАТЫ АҚШАМЫ

№138 (5012),
6 қараша, бейсенбі,
2014 жыл.

almaty-akshamy.kz
E-mail: almaty-aksham@mail.ru



ISSN 2223-2370




«Алматы ақшамына» бір жылға жазылған оқырманның жүрекжарды құттықтау лебізін (мерейтоймен, туған күнмен, т.б.) бір рет тегін жариялауға болды.

Газетке бір жылға жазылып, бір құттықтау бере аласыз! Сіз үшін үш есе арзанға түседі. Жазылу түбіртегін қоса алып келуді ұмытпаңыз!

Ұтыс ойынына да қатысыңыз, құттықтауыңызды да беріңіз.

Ұтсаныз да, ұтпасаныз да – ұтылмайсыз!



20

ЕҢ ҮЛКЕН ЖӘНЕ ЕҢ ҚЫМБАТ КІТАПТАР

немесе жұрт таңғаларлық дүние көп

Кітапханашылар күніне орай «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасында 15-17 қазан аралығында «Ашық есік» атты үш күндік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараға орай кітапхананың Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиеттер бөлімі «Үлкен көлемді сирек кітаптар жиынтығынан» атты көрме ұйымдастырды. Ол көрмеге XVII-XX ғасырлар аралығындағы 30 шақты үлкен көлемді, өте сирек кездесетін орыс, француз, ағылшын, еврип тілінде жазылған кітаптар және араб, парсы, монғол тілдерінде жазылған қолжазбалар қойылды. Сонымен қатар, сандық қалыпқа түсірілген таспалар қойылып, олар экран арқылы көрсетілді.

Көрмеде Түркістан аймағында өмір сүрген халықтар мен сол жердің тұрмыс тіршілігінен хабар беретін атақты орыс суретшісі В.В. Верещагиннің «Туркестан» атты альбомы, 1752 жылы Парижде жарық көрген француз суретшісі Шарл Лебрениннің сызбасы арқылы салынған атақты Людовик XIV отырған Версаль сарайындағы суреттер жинақталған кітап, орыс архитекторы Г.В. Барановскийдің қоғамдық ғимараттардың сызбасы жинақталған «Архитектурная энциклопедия» атты туындысы қойылды. Тағы қызықты әрі таңғаларлықтай болған дүниелердің бірі – шамамен XVIII ғасырда жарық көрген, пайғамбардың қажылық сапарға барғаны туралы қолжазба. Онда Мекке, Мәдине қаласының көрнекті жерлерінің сызбасы және ерекше мән берерлік қара түспен салынған адамның аяқ іздері. Оны көпшілік пайғамбардың ізі деп айтады. Бірақ, ол туралы нақты дерек жоқ. Алайда, зерттеу арқылы жұртты елең еткізіп, мәдениетімізге жаңалықтар әкелуге септігін тигізетін дүниелеріміздің бірі деп білеміз.

Келесі кітап орыс тілінде жазылған Санкт-Петербургта 1893 жылы жарық көрген «Путешествие Государя Императора Николая II на Восток» атты кітап. Бұл кітаптың авторы Эспер Ухтомский. Ол орыс дипломаты, шығыстанушы, публицист, ақын, аудармашы, князь. 1890-1891 жылдары болашақ тақ мұрагері Николай II-нің саяхатында қасында бірге жүреді. Ол саяхаттап жүрген кездегі көрген жағдайлары мен әсерлерін осы кітабында суреттейді. Бұл кітапта Николай II-нің Оренбург маңына саяхаты кезінде Орал қаласының аты аталып, сол кездегі Орал жері мен халқынан хабар береді.

Келесі кітабымыз кітабымыз көпшілікке белгілі немістің ұлы ақыны, дана, ойшыл, табиғаттанушы Иоганн Вольфганг Гетеңіз атақты шығармасы А.Фетаның аударуымен 1898 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Фауст» трагедиясы. Бұл шығарма еуропалық ағартушылық ойдың тұжырымдамасына жататын еңбек. Бізде сақталған бұл кітаптың ерекшелігі – сыртқы көрінісінің ерекше әдемілігінде.

Келесі кітабымыз – «Потерянный рай и возвращенный рай». Ағылшын ақыны Джон Мильтонның эпикалық



шығармасы. 1657 жылы Санкт-Петербургта басылып шыққан. Поэмада жер бетіне түскен алғашқы Адам ата мен Хауа ана жайында баяндалады. Кітап көптеген тілдерге аударылған. Ал бұл орыс аудармашысы А.Шульговтың аударуымен жазылған орыс тіліндегі нұсқасы. Бұл шығармада Адам мен Еванын қарым-қатынасы, олардың шайтанның азғыруына тап болуы, Рафаэль періштенің ескертуі, құдайдың ашулануы желісіндегі оқиғалар баяндалады. Көпшілік қауымды шығарманы сюжеті, яғни, ислам дініндегі Адам ата мен Хауа ана туралы хикаяларға өте ұқсас келетіндігі аса қызықтырды.

Көрмедегі кітаптардың қатарында ерекше атап кететін үлкен көлемді сирек кітаптардың бірі – ежелгі славян тілінде жазылған кітапханамыздағы ең үлкен, салмағы 22 кг., ұзындығы 92 см., ені 68 см. құрайтын, Санкт-Петербургта 1856 жылы жарық көрген құнды кітап «Описание священного коронования Их Императорских Величеств Государя Императора Александра II и Государыни Императрицы Марии Александровны всея России»

атты туынды. Бұл туынды Александр II-нің салтанатты түрде таққа отырғызу рәсімі жайында жазылған. Кітаптың ішінде салтанатты рәсімге қатысты суреттер және ол рәсімге шақырылған қонақтар жайында мағлұматтар берілген. Соның ішінде қазақ сұлтандарынан шақырылғандардан майор Шорманов, подполковник Татенев және Әблес-Әли көрсетілген. Сонымен қоса, бұл кітап қонақтарды салмағының ауырлығымен, ішіндегі суреттердің өте әдемі әрі сапалылығымен және сол күйінде сақталғандығымен таңғалдырды. Бұл кітаптың жалпы тиражы – 200 дана.

Тағы осындай туындының бірі американдық құстарды зерттеуші ғалым, суретші Джон Одюбонның ұзындығы 99 см., ені 66 см. тұратын Эдинбург және Лондон қалаларында 1827 және 1838 жылдары жарық көрген «Америка құстары» атты кітабы. Бұл кітап әлемдегі қымбат кітаптардың қатарынан 3-орында тұрған кітап. Бұл кітаптың түпнұсқасы 2012 жылғы жаңалықтарға қарағанда аукционда 8 миллионға сатылған.

Ал кітапханамыздағы ең қалың кітап – 1912 жылы Санкт-Петербургта жарық көрген «Собрание Узаконений и Распоряжений правительства, издаваемое при правительствующем сенате» атты кітап. Оның салмағы шамамен 8 кг., қалыңдығы 18 см. Қолжазбалардың ішінде монғол жазуымен жазылған мамандардың аударуы бойынша «Богда Гейсер хан» деп аталатын поэма бар. Ол поэманы тарих институтының мұғалімдері және өздерін археолог деп таныстырған азаматтар қызығушылықпен қарап, өте құнды дүние деп білді. Ол кісілер болашақта осы қолжазбаларды алып, аударып, қазақтың тарихына жарайтын құнды дүние табуымыз мүмкін деген де болжам айтты.

Ерекше көрініс беретін еңбектердің бірі монғол дәуірінің XIII-XIX ғғ. Пекин маңындағы Цзюйюн Гуань тас қақпасына жазылған құжаттары. Қақпадағы жазулар жинақталған бұл кітапта мазмұны жағынан бір-біріне ұқсайтын алты түрдегі жазулар бар. Олар санскрит, тибет, монғол, ұйғыр, танғут және қытай тілдерінде жазылған. Басылымды шығарған француз географы, этнографы, фотограф ханзада Роланд Бонапарт.

Жалпы көрмені тамашалауға келген қонақтар саны өте көп болды. Олар Ғылыми кітапхананың тұрақты оқырмандары, ғылыми қызметкерлер, жоғары оқу орындарының және колледж студенттері, институт мұғалімдері, магистранттар, сырттан келген қонақтар, өр жерден жиналған жастар және карт кісілер болды. Жиналған қонақтар көрмеден жақсы әсер алғандықтарын, осындай құнды дүниелермен танысқандарына қуанышты екендіктерін жеткізіп, рахмет білдірді.

Көрмеде ұсынған таңғаларлық дүниелердің көбісі тек Ғылыми кітапхана қорында сақталған.

Гүлнәзия ӘБУОВА,

«Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиеттер бөлімінің қызметкері.